

# АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БУКЛЕТ

## 5-ші САБАҚ

### БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ДАМЫТУ КЕРЕК



### *Баланы дамытуды үйренеміз*

ДДСҰ “Caregiver Training Skills” (балаларға күтім көрсетуді үйрету)  
бағдарламасын Қазақстан Республикасы үшін адаптау аясында ҚР ЕХӘҚМ  
ӘОД ҒПО, ҚР ДСМ РПДҒПО және ЮНИСЕФ бірлесіп әзірлеген

## 5-ші САБАҚ

### БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ДАМЫТУ КЕРЕК

<b>МАЗМҰНЫ</b>	<b>БЕТ</b>
Бүкіл бағдарлама кестесі	2
Біз бүгін нені білетін боламыз	3
Русланның оқиғасы: Алинаға өзіне керегін сұрауды үйренуге көмектесеміз	4
Негізгі хабарлама № 1	7
Негізгі хабарлама № 2	8
Ұсыным № 1	8
Ұсыным № 2	9
Ұсыным № 3	10
Ұсыным № 4	11
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	12
Сұрақтарға жауаптар	13
Әрі қарайғы қадамдар	14

<b>БҮКІЛ БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ</b>		<b>Күні, уақыты, орны</b>
<b>Үйге бару 1</b>		
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 1</b>	<b>Баланы бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатыстыру керек</b>	
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 2</b>	<b>Баланың бірлескен іс-әрекетке қызыға қатысуын қалай қолдау керек</b>	
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 3</b>	<b>Баланың бірлескен ойындарға және күнделікті үй жұмыстарына қатысуына қалай көмектесу керек</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 4</b>	<b>Баланың қарым-қатынасын қалай түсінуге болады</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 5</b>	<b>Баланың қарым-қатынас дағдыларын қалай дамыту керек</b>	
<b>Үйге бару 2 (5-ші және 6-шы сабақтар арасында)</b>		
<b>Сабақ 6</b>	<b>Баланы жағымсыз мінез- құлықтан қалай алдын ала сақтандыру керек әрі қызыға қатысуына және басқарылуына қалай көмектесу керек</b>	
Телефон арқылы тіркеу		
<b>Сабақ 7</b>	<b>Балаға жағымсыз мінез-құлық баламаларын қалай үйрету керек</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 8</b>	<b>Кішкентай қадамдардың көмегімен және ересектің мейлінше аз жәрдемімен балаға жаңа дағдыларды қалай үйрету керек</b>	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
<b>Сабақ 9</b>	<b>Өзімізге күтім көрсетуді ұмытпай, проблемаларды қалай шешу керек</b>	
<b>Үйге бару 3</b>		
<b>Қосымша сабақтар:</b>		

5-ШІ ТОПТЫҚ САБАҚ

БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ДАМЫТУ КЕРЕК

БІЗ БҮГІН НЕНІ БІЛЕТІН БОЛАМЫЗ:

- Балалар қашан бөлісу (өз сезімдерімен, ойларымен, ақпаратпен) үшін, ал қашан бірдеңе сұрау үшін қарым-қатынас жасайтынын түсіну үшін қалай қарау және тыңдау керек
- Үй шаруасын бірге атқару және бірге ойнау кезінде баламен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін қалай табу керек



**РУСЛАНЫҢ ОҚИҒАСЫ: АЛИНАҒА ӨЗІНЕ КЕРЕГІН СҰРАУДЫ ҮЙРЕНУГЕ  
КӨМЕКТЕSEMІЗ**



Менің атым Руслан, мен екі қыздың әкесімін - Алина және Рита. Олардың арасында екі жас айырмашылық бар, бірақ олар өте өзгеше. Рита небәрі 4 жаста, бірақ ол үлкен әпкесіне қарағанда анағұрлым дамыған және көп нәрсе істей алады. Алина бәрін өте баяу үйренеді.



Алина сияқты қызды болу өте қиын, мен әкелікті осылай елестетпеген едім. Бірақ, ешкім де дамуында ерекшеліктері бар баласының болатынына дайын емес екеніне сенімдімін.

Менің қолымнан келетін ең маңызды нәрсе оны жақсы көру, оны сол қалпында қабылдау және оған көмектесуге тырысу екенін тез түсіндім. Маған оны түзетудің қажеті жоқ. Әрине ол маған қиын, өйткені мен қыздарыма жақсылық тілеймін.




Алғашқы жылдары қиын жылдар болды. Кейде өте қатты қиналатын едім; Мен Алинаның ерекшеліктері туралы, оның ол үшін және біздің отбасымыз үшін нені білдіретіні туралы көп ойладым.






Жуырға дейін Алина мүлдем сөйлемейтін. Ол әлі де кейде қатты ренжіп, ашуланып, долданады, сол мені қатты қынжылтады. Ол бізге не қалайтынын немесе не қажет, неге мұқтаж екенін айта алмайтын кезде бізге де қиын - және біз оны тек болжауымыз керек. Бірақ мен оған да қаншалықты қиын болатынын түсінемін.




Алинаның қарым-қатынас жасағанын байқаған кезде жауап бергенде мен ым-ишара және сөздерді пайдаланып, әрекетіне қолдау көрсетуге тырысамын. Бұрын мен оған көп сөз үйретуім керек деп ойлаушы едім, енді мен оның қарым-қатынас деңгейінен, яғни ол үйрене алатын 1-2 қарапайым сөзден бастау керек екенін түсіндім.



Алинаның бірдеңені қалағанын байқау үшін мен барынша ден қоямын. Содан соң, аздап күтемін, себебі, қалағанын сұрауға мүмкіндік беру өте маңызды. Егер сұрамаса, мен оңай сөздердің және ым-ишараның көмегімен оған қалай сұрау керек екенін көрсетемін.



Егер тіпті Алина мен көрсеткендей сұрауға тырыспаса да, мен оған тағы бір рет көрсетіп, бірден ойыншықты беремін. Мен білемін, балаға тамақ, су немесе сүйікті заттарын беруден ешқашан бас тартпау маңызды.



Бұрын мен асығыстық жасап жүрдім деп ойлаймын, себебі, Алинаға ойлану үшін көбірек уақыт керек. Қазір ол нені қалайтынын немесе неге мұқтаж екенін көрсете бастады және бірте-бірте жаңа дүниелерді үйреніп жатыр. Оның мінез-құлқы да жақсарып келеді.

Сонымен бірге мен кіші қызымның да қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруге көмектесемін, өзара әңгімемізге жаңа сөздер қосып отырамын.



## Негізгі хабарлама № 1

### БАЛАЛАР ҚАШАН БӨЛІСУ ҮШІН, АЛ ҚАШАН СҰРАУ ҮШІН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАЙТЫНЫН БАЙҚАУ ҮШІН ҚАРАҒЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҒЫЗ

Біз екі негізгі себеппен қарым-қатынас жасаймыз:

- БӨЛІСУ үшін (бірдеңені көрсету немесе айтып беру үшін)
- СҰРАУ үшін (біреуден бірдеңе туралы)


Балалар келесілермен бөлісуі мүмкін:



Өздеріне қызықты немесе жаңа бірдеңемен



Өздері үші күтпеген бірдеңемен



Сүйікті пәнімен, ісімен, адам туралы сезімдерімен, т. б.

Балалар келесілерді сұрауы мүмкін:



Бірдеңеге қол жеткізу



Жайлылық және көңіл бөлу



Бір істе көмек сұрау



Үзіліс жасау



Ұнамайтын істі тоқтату



Ұнайтын істі жалғастыру



## Негізгі хабарлама № 2

**БАЛА ҮШІН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ МҮМКІНДІКТЕРІН ТУДЫРУ ҮШІН  
КҮНДЕЛІКТІ ІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ**

**Осыны қалай істеуге болатынын қараңыз!**

### Ұсыным № 1

**БАЛАҢЫЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНА АЛАТЫН СӨЗДЕР  
МЕН ҮМ-ИШАРАЛАРДЫ КӨРСЕТІҢІЗ және АЙТЫҢЫЗ**

- Бала үнсіз қалғанда сіз оған көмектесе аласыз: ишара көрсетіп, сөзді айтыңыз



**КӨРСЕТІҢІЗ:**  
затқа нұсқап

**АЙТЫҢЫЗ:**  
заттың атауы



**КӨРСЕТІҢІЗ:**  
затты ұстап тұрыңыз  
және көрсетіңіз де,

**АЙТЫҢЫЗ:**  
заттың атауы







**КӨРСЕТІҢІЗ:**  
затты баланың қолына  
беріңіз де,  
**АЙТЫҢЫЗ:**  
заттың атауы

## Ұсыным № 2

### БАЛАНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН КЕҢЕЙТУ ҮШІН ОНЫҢ СӨЗДЕРІН ҚАЙТАЛАҢЫЗ ЖӘНЕ ЖАҢА СӨЗ ҚОСЫҢЫЗ

- Балаңыз қарым-қатынас жасай бастағанын байқағанда балаңыз айтқан сөзді қайталаңыз да, тағы бір жаңа сөз қосыңыз.

Есіңізде болсын: тым көп сөз қосу баланы жаңылдыруы мүмкін, оған оларды өз бетінше пайдалану қиын болады. Тек бір сөз қосып көріңіз.




### Ұсыным № 3

## АЙНАЛАДАҒЫ КЕҢІСТІКТІ БАЛАНЫҢ СҰРАУ МҮМКІНДІГІ БОЛАТЫНДАЙ ЕТІП ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ

Балаңызға ұнайтын істерді, тағамды немесе ойыншықтарды пайдаланыңыз:

- Заттарды қолы жетпейтін, бірақ көзі көретін жерде ұстаңыз: балаңыз оларға нұсқай алады немесе соларға қарай созыла алады.
- Екі затты баланың қолы жетпейтін, бірақ көзі көретін жерде ұстап, таңдау жасауға мүмкіндік беріңіз. Мысалы, сұраңыз: «КІТАП ПА, әлде ДОП ПА?»
- Заттарды бір-бірден немесе бөліп-бөліп беріңіз, қалғанын қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Бала тағы сұрай ма екен, күтіңі.

Есіңізде болсын: Балаға тамақ немесе су беруден ешқашан бас тартпаңыз. Бала мұқтаж болғанда тамақ пен су беріңіз.



Заттарды қолы жетпейтін, бірақ көзі көретін жерде ұстаңыз



Балаға заттар арасында таңдау жасау мүмкіндігін беріңіз




Заттарды бір-бірден немесе аз-аздан бөліп-бөліп беріңіз

#### Ұсыным № 4

### ҮЙ ШАРУАСЫ ЖӘНЕ ОЙЫНДАР КЕЗІНДЕ БАЛАНЫҢ СІЗБЕН БӨЛІСУ МҮМКІНДІКТЕРІН ТУДЫРЫҢЫЗ

- **КҮНДЕЛІКТІ ҮЙ ШАРУАСЫН ЖӘНЕ ОЙЫНДАРДЫ** баламен бірге істеңіз
- Бала сізбен бөлісу үшін қарым-қатынас жасауды бастағанша **КҮТІҢІЗ**
- Егер бастамаса, балаңыз пайдалана алатын сөздерді және ым-ишараларды **КӨРСЕТІҢІЗ** және **АЙТЫҢЫЗ**, бала жауап ретінде бөліскенге дейін күте тұрыңыз
- **КҮТПЕГЕН НЕМЕСЕ КҮЛКІЛІ БІРДЕҢЕ ІСТЕП КӨРІҢІЗ** және бала орын алған жайтпен сізбен бөлісетінін не бөліспейтінін қараңыз.





## ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

**Топтық сабақтан кейін өзіңізді тексеру үшін осы сұрақтарға жауап беріп көріңіз. Содан кейін осы тараудың аяқ жағында келтірілген дұрыс жауаптармен салыстырып тексере аласыз**

**Нұсқаулық:** Келтірілген нұсқалардың ішінен сұраққа ең лайықты жауапты таңдап, таңдаған жауап нұсқасын белгілеңіз. Содан кейін дұрыс жауап бердіңіз бе, тексеріңіз де, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз

### Сұрақ 1

Руслан қызы Алинаға бірдеңе сұрауды үйрегі көмектесуге тырысып жүр. Тамақтану кезінде Алинаға бірдеңе сұрауды үйренуге көмектесу үшін ол не істей алады?

- A. Екі түрлі жемісті қолы жетпейтін етіп ұстап тұрып, біреуін таңдауды ұсынып, «Банан жейсің бе, әлде қауын ба?» деп сұрау керек
- B. Бананның кішкентай тілімін алып, Алинаға беріп, содан соң, тағы бір тілімін сұрай ма, күте тұру керек.
- C. Өзі сұрамайынша тамақ бермеу керек.
- D. Дұрыс жауаптар — А және B; дұрыс емес жауап — C.

12

### Сұрақ 2

Руслан мен Алина көшеде қыдырып жүр. Алина үлкен қоңыр итті көріп, «Ит!» дейді. Руслан Алинаның итке қызыққанын байқайды. Ол оның сөзін қайталап, сөздік қорын кеңейткісі келеді. Оған не істеу керек?

- A. «Бұл – өте үлкен қоңыр ит» деу керек
- B. «Мәссаған, қандай үлкен ит! Қара, қара, ана ағашта құстар отыр!» деу керек
- C. «Үлкен ит» деп, итке нұсқау керек
- D. Итке қарап, ештеңе демей керек

## СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

Осы жерден алдыңғы бетте келтірілген өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауаптарды табасыз. Сұрақтарға жауап берген соң ғана жауаптарды оқыңыз. Жауаптарды тексеріп болған соң, сұрақтар берілген бетті ашып, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз.

### Сұрақ 1

**Дұрыс жауап D:** Дұрыс жауаптар — А және В; дұрыс емес жауап — С.

#### Түсіндірме:

Балаға сұрауды үйренуге көмектесуге арналған жақсы тәсілдер:

- Балаға көзі жететін, бірақ қолы жетпейтін жерде тұрған екі затты көрсетіп, таңдау жасауды ұсыныңыз және баладан қай затты қалайтынын сұраңыз;
- Балаға бірдеңені бөліп-бөліп, әр жолы тұтас заттың бір бөлігін беріңіз, қалғанын қолы жетпейтін жерде ұстаңыз; бала тағы сұрай ма, күтіңіз;
- Бала затқа нұсқауы немесе соған қарай созылуы үшін оны баланың көзі жететін, бірақ қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.

Неге С жауабы дұрыс емес: егер баладан тамақты немесе суды жасыратын болсаңыз, бұл оның үйренуіне көмектеспейді. Егер тіпті Алина тамақ сұрауға талпынбаса да, әкесіне оған тамақты және суды қажет болған сайын беріп тұру керек.

13

### Сұрақ 2:

**Дұрыс жауап С:** «Үлкен ит» деп, итке нұсқау керек.

#### Түсіндірме:

Егер балаңыз қарым-қатынас жасай бастағанын байқасаңыз, оның сөздерін қайталаңыз және жаңа бір сөз қосыңыз. Алина бір сөзді қолданды — «ит», сондықтан Русланға тағы бір сөз қосу керек. Ол «үлкен ит» немесе «қоңыр ит» немесе «ит жүгіреді» дей алады. Әңгіме барысында ым-ишараны да пайдаланған маңызды, сондықтан, Русланға итке нұсқау керек.

«Бұл – өте үлкен қоңыр ит» деген сөйлемде сөздер тым көп. Оған қоса оны айтып жатқанда Русланға ым-ишараны пайдалану керек, мысалы, итке нұсқау керек.

В жауабында да сөздер тым көп, оған қоса Алинаның итке қызығушылығын қолдаудың орнына ересектің қызығушылығын тудырған затқа назарын ауыстыру қажет болады.

Итке нұсқайтын ым-ишара сөздермен сүйемелденуі тиіс: Русланға Алина айтқан сөзді қайталап, тағы бір сөз қосып, сонымен бір уақытта итке нұсқау керек.

### **ӘРІ ҚАРАЙҒЫ ҚАДАМДАР**

- Алтыншы сабақта біз баланың мінез-құлқы туралы айтатын боламыз. Сабақ \_\_\_\_\_ өтеді.
- Егер қандай да бір себеппен келесі сабаққа келе алмасаңыз, 7-ші сабаққа келіңіз.
- Өткізіп алған материалды меңгеруге көмектесу үшін 15 минутқа ертерек келіңіз.
- Өтініміз, келесі сабаққа практика кезінде пайдалану үшін үйде пайдаланатын кейбір материалдарды алып келуге тырысыңыз.